

Сыздықова А.О.*

PhD, қауымдастырылған профессор
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықара-
лық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан Республикасы
E-mail: aziza.syzdykova@ayu.edu.kz
ORCID: 0000-0002-1377-0026

Азретбергена Г.Ж.

э.ф.к., профессор
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықара-
лық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан Республикасы
E-mail: gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz
ORCID: 0000-0002-9070-7055

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ҮЛЕСІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа: Қазіргі кезде кәсіпкерлік барлық дамыған елдердің экономикалық дамуының негізгі факторы болып табылады. Шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілерінің ел экономикасындағы үлесі атап айтқанда, жалпы жұмыспен қамтудағы, қосылған құндағы, инвестициядағы, салықтардағы, экспорттағы және несиелердегі үлесі айтарлықтай деңгейге жеткені байқалады. Әлем елдерінің қазіргі экономикаларына қарасақ, кәсіпорындардың 95-99% дерлік ШОК субъектілері болып табылады. ШОК субъектілері жұмыспен қамтудың 40-80%-ын, жалпы ішкі өнімнің 30-70%-ын, инвестициялардың 30-60%-ын, экспорттың 10-40%-ын құрайды. Осы ерекшеліктерімен ШОК субъектілері экономикалық және әлеуметтік құрылымның негізін құрайды. Бұл мақаланың мақсаты Түркістан облысының экономикасында шағын және орта бизнестің үлесін бағалау болып табылады. Мақалада ең алдымен шағын және орта бизнестің экономикалық мәнін ашып, оның Түркістан облысының экономикасындағы рөлі (жалпы өңірлік өнімдегі, жұмыспен қамтудағы үлесі) анықталды. Зерттеу нәтижесінде Түркістан облысындағы шағын және орта бизнестің қызмет етуіндегі ерекшеліктері зерттеліп, талдау жасалды. Түркістан облысындағы шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы мен дамуын талдау кезінде қажетті материалды тиімді іздеу, топтау, өңдеу және жалпылау үшін ақпарат жинау әдісі және ішінара абстракциялау әдісі қолданылды. Салыстырмалы әдісті қолдану арқылы экономикалық көрсеткіштердің динамикасын зерттеу себептік байланыстарды орнатуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: шағын және орта кәсіпкерлік, экономика, Түркістан облысы, жалпы өңірлік өнім, сектор

■ Кіріспе

Нарықтық экономиканың негізгі тұғырнамасы жеке сектор болып табылады, онда шағын және орта бизнес маңызды рөл атқарады. Шағын және орта бизнес жоғары мобильді болып табылады, олар бастапқы қомақты инвестицияларды қажет етпейді, ресурстар айналымының жоғары жылдамдығына кепілдік береді, экономиканың тұрақсыздануы және қаржылық ресурстардың шектелуі жағдайында экономиканы қайта құрылымдау, тұтыну тауарлары нарығын құру және толтыру мәселелерін ұтқыр және тиімді шешуге қабілетті болып келеді [1]. Сонымен қатар, шағын және орта кәсіпкерлік мемлекеттің өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерін, оның ішінде халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуде маңызды рөл атқарады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, шағын және орта бизнес қазіргі қоғамды қалыптастырудың негізі болып табылады, дамыған елдердің елеулі бөлігінің ЖІӨ-нің маңызды бөлігін шағын және орта кәсіпкерлік құрайды [2, 3]. Ұлттық ресурстардың басым бөлігі осы секторға тартылған. Шағын және орта бизнестің жұмыс істеуі өнертапқыштық және инновациялық қызметке ықпал ететінін атап өту маңызды: шетелдік зерттеулерге сәйкес батыста негізгі идеялар мен өнертабыстар негізінен ірі емес, шағын және орта кәсіпорындардан келетінін көрсетеді [4]. Шағын және орта бизнес – бұл нарықтық экономика субъектілері өздерінің және қарыз қаражаттары есебінен жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызмет, оның маңызды мақсаттары материалдық игіліктерді өндіру немесе қызмет көрсету арқылы пайдаға қол жеткізу және кейіннен өз кәсіпорнын дамыту

болып табылады. Тиісінше, еліміздегі шағын және орта бизнесті дамытудың тиімділігін жергілікті көздерді (шикізаттарды) дамыту негізінде тауарлар мен қызметтердің тапшы түрлеріне нарық қажеттіліктерін қанағаттандыратын кәсіпкерлік субъектілері шеккен шығындар көлемімен бағалау керек [5]. Зерттеудің өзектілігі шағын және орта кәсіпкерліктің елдің және жекелеген облыстардың экономикасындағы үлесін бағалау бұл саладағы мемлекеттік және әкімшілік қолдау шараларына, салалық бағдарламаларды іске асыруға оң әсерін тигізеді. Сондықтан да бұл тақырып өзекті әрі маңызды болып табылады.

Бұл мақаланың мақсаты Түркістан облысының экономикасында шағын және орта бизнестің үлесін бағалау болып табылады. Мақалада ең алдымен шағын және орта бизнестің экономикалық мәнін ашып, оның Түркістан облысының экономикасындағы рөлі (жалпы өңірдік өнімдегі, жұмыспен қамтудағы үлесі) анықталды. Зерттеу нәтижесінде Түркістан облысындағы шағын және орта бизнестің қызмет етуіндегі ерекшеліктері зерттеліп, талдау жасалды. Түркістан облысындағы шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы мен дамуын талдау кезінде қажетті материалды тиімді іздеу, топтау, өңдеу және жалпылау үшін ақпарат жинау әдісі және ішінара абстракциялау әдісі қолданылды. Салыстырмалы әдісті қолдану арқылы экономикалық көрсеткіштердің динамикасын зерттеу себептік байланыстарды орнатуға мүмкіндік береді.

■ Әдебиетке шолу

Қазіргі заманғы шағын және орта кәсіпкерліктің ел экономикасындағы маңызы көптеген шетелдік ғалымдардың жұмыстарында қарастырылған. Das D.K. (2021) зерттеуінде микро, шағын және орта кәсіпорындар секторы соңғы бірнеше онжылдықта Үндістан экономикасы үшін маңызды сектор екендігін және ауыл шаруашылығы секторынан кейінгі салыстырмалы түрде төмен күрделі шығындармен үлкен жұмыс орындарын құру арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосатындығын мәлімдеген [2]. Liberto D. (2020) зерттеуіне сәйкес, шағын және орта бизнес-бұл әр елде немесе елдер тобында заңмен белгіленген белгілі бір шектен төмен кірістерді, активтерді және жұмысшылар санын қолдайтын фирмалар. Мұндай типтегі фирмалар көбінесе дамушы және дамыған экономикалардың «жүрек соғысы» болып саналады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) мәліметтері бойынша, дамушы елдердегі көптеген адамдар шағын және орта бизнесте жұмыс істейді, бұл елдердегі жалпы жұмыспен қамтудың шамамен 45%-ы және ЖІӨ-нің 33%-ын құрайды [6]. Pedraza J.M.(2021) зерттеуі бойынша дүние жүзіндегі көптеген бизнес үшін кәсіпкерлік дағдылардың, инновациялардың және жұмыспен қамтудың негізгі көзі болып табылады. ШОБ кәсіпорындары жұмыс орындарын құруға және жаһандық экономикалық дамуға маңызды үлес қосады, олар бүкіл әлем бойынша бизнестің 90%-ын және жұмыспен қамтудың 50%-дан астамын құрайды [7].

Қазақстанда кәсіпкерлік қызметті бағалау және кәсіпкерлікті дамыту бойынша отандық ғалымдар – Токсанова А., Жунусова Р.М., Зарубина В. Р., Ивойлова И.В. және басқалар қарастырды [8,9,10,11]. Қазақстан экономикасындағы ШОК үлесі ЖІӨ-нің 30,8%-ына жетіп, экономикалық белсенді халықтың жартысынан көбін (3,3 млн адам) жұмыспен қамтуды қамтамасыз ете отырып, орасан зор әлеуметтік функцияны орындайды. Ал осы сегментті қолдау республикадағы негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, шағын және орта кәсіпкерліктің салалық құрылымында соңғы он жылда ауыл шаруашылығында құлдырау байқалады. Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпорындар санының үлес салмағы мен жұмыспен қамтылғандар саны айтарлықтай қысқарған [9]. Шағын және орта бизнестің дағдарыс кезіндегі жағдайы, шағын және орта бизнестің қызметін қаржыландырудың жаңа бағыттары бойынша Мухамедьярова-Левина Т.Т., Джусупова А.М. және басқалар зерттеу жасаған [12,13].

Зерттеудің жаңашылдығын негіздесек, қазіргі таңда отандық әдебиеттерде Түркістан облысының экономикасында кәсіпкерліктің үлесін нақты қарастырып, талдаған

зерттеулер жоқ. Сол себепті бұл мақала отандық әдебиетке үлес қосады. Сонымен қатар шағын және орта кәсіпкерліктің облыс экономикасындағы үлесін бағалау бұл саладағы қолдаулар мен мемлекеттік және облыстық салалық бағдарламаларды іске асыруға оң әсерін тигізеді.

Классиктер мен замандастардың ғылыми еңбектерін ретроспективті талдау шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын қолдау және басқару саласында зерттеулер жүргізу мүмкіндігі мен қажеттілігі туралы қорытынды жасауға, дамуды бағалау факторларының бірыңғай жүйесіне ақпарат беруге мүмкіндік береді.

■ Материалдар мен әдістер

Шағын және орта кәсіпорындар нарықты экономикалық себептерге байланысты ірі компаниялар өндімейтін тауарлар мен қызметтерді өндіреді. Мұндай қызметтерсіз көптеген кәсіпорындар өндірісті сапалы және заманауи деңгейде жүргізе алмас еді, бұл кәсіпорындарды мемлекеттік деңгейде қолдау нысандары мен бағыттарының үнемі кеңеюіне және жаңартылуына әкеледі. Бүгінде Түркістан облысында шағын және орта кәсіпкерлік қалыптасқан экономикалық сала болып саналады. Шағын кәсіпорындар халықтың едәуір бөлігін жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді және тауарлар мен қызметтердің кең спектрін жасайды және бюджетке салық түсімдерінің айтарлықтай бөлігін қамтамасыз етеді. Өңірдегі шағын және орта кәсіпкерліктің даму серпіні экономиканың осы секторының дамуындағы оң үрдістерді көрсетеді [14].

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері және ШОК бойынша Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының статистикалық есептері болып табылады. Мақалада талдау, индукция және дедукция, салыстырмалы және графикалық талдау және т.б. әдістер қолданылды.

■ Нәтижелер мен пікірталас

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында тіркелген ШОК субъектілерінің жалпы саны 2026527 бірлікті құраған. ШОК субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлердің үлесі 67,9%-ды, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 18,7%-ды, шаруа немесе фермер қожалықтары – 13,2%-ды, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 0,2%-ды құрайды (1-кесте). Өңірлер бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің саны бойынша Алматы облысы көш бастап тұр. Еліміздегі шағын және орта кәсіпкерліктің даму деңгейінің жоғарғы көрсеткіші Алматы қаласының болуы, барлық бизнес түрлерінің шоғырлануы, сондай-ақ әлемдік деңгейдегі қаржы орталығы ретінде қалыптасуымен және Қазақстанның бұрынғы астанасы болуымен қатар тұрғындардың саны 2млн 175 мың адамды құраумен байланыстырамыз. ШОК субъектілерінің тіркелуі бойынша екінші орынды Астана қаласы иеленсе, Түркістан облысы үшінші орында. Түркістан облысындағы тіркелген ШОК субъектілерінің жалпы саны 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 188186 бірлікті құрайды. Оның ішінде шағын және орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалардың үлесі - 7%, ал дара кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер қожалықтарының үлесі 93%-ды құрайды.

1-кесте. Қазақстан өңірлерінде тіркелген ШОК субъектілері
(2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша)


Атауы	Барлығы	Оның ішінде			
		шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	дара кәсіпкерлер	шаруа немесе фермер қожалықтары
Қазақстан Республикасы	2 026 527	438 403	3 032	1 336 490	248 602

Атауы	Барлығы	Оның ішінде			
		шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	дара кәсіпкерлер	шаруа немесе фермер қожалықтары
Абай	54 845	5 993	53	38 765	10 034
Ақмола	59 846	11 489	127	41 417	6 813
Ақтөбе	90 622	16 785	98	64 666	9 073
Алматы	126 343	15 626	151	82 605	27 961
Атырау	69 332	12 021	131	53 608	3 572
Батыс Қазақстан	58 546	9 724	93	40 097	8 632
Жамбыл	106 194	11 749	54	70 611	23 780
Жетісу	59 523	5 782	52	33 847	19 842
Қарағанды	104 175	24 484	183	70 313	9 195
Қостанай	65 125	11 236	159	47 044	6 686
Қызылорда	71 823	8 414	65	49 539	13 805
Маңғыстау	81 619	14 101	119	63 850	3 549
Павлодар	58 274	14 758	111	38 473	4 932
Солтүстік Қазақстан	36 305	8 248	120	23 050	4 887
Түркістан	188 186	13 142	62	100 627	74 355
Ұлытау	18 760	1 983	17	13 263	3 497
Шығыс Қазақстан	68 753	12 156	125	47 447	9 025
Астана қаласы	232 081	86 301	265	144 372	1 143
Алматы қаласы	353 766	129 873	891	220 657	2 345
Шымкент қаласы	122 409	24 538	156	92 239	5 476

Дереккөз: [15] негізінде авторлар құрастырған.

Түркістан облысындағы тіркелген және белсенді ШОК субъектілерінің 2005-2022 жылдар аралығындағы динамикасы төмендегі суретте көрсетілген (1-сурет). Түркістан облысы бойынша тіркелген және белсенді шағын кәсіпкерлердің саны бойынша 2005 жылы тіркелген кәсіпкерлердің саны 122504 бірлікті, ал белсенді кәсіпкерлер саны 98339 бірлікті құрады. 2005 жылдың көрсеткішін салыстыра келе, тіркелген кәсіпкерлердің 24165 бірлігі тіркелген, алайда белсенді жұмыс жасамаған. Бұл көрсеткішпен 2005жылы облыстағы белсенді кәсіпорындардың тіркелген кәсіпорындардағы үлесі 80%-ды құрайды. Облыстағы тіркелген кәсіпорындардың саны 2006 жылы 131128 бірліктен бастап, 2010 жылы 198529 бірлікті құрап, өсу қарқынын көрсетеді. Түркістан облысы бойынша тіркелген шағын және орта кәсіпкерліктің ең жоғары көрсеткіші 2011 жылы 234914 бірлікті құраған. Кестедегі мәліметтер негізінде 2011 жылы шағын және орта кәсіпкерліктің тіркелгендер санынан, белсенді кәсіпорындардың саны өте төмен көрсеткішке ие. 2018 жылдан шағын және орта бизнес өкілдерінің тіркелген саны 141082 бірлікті құрады. 2018 жылдан 2021 жылға дейін, тіркелген бизнес өкілдерінің саны мен белсенді шағын және орта кәсіпкерлердің санында тұрақтылық үрдісі байқалады. 2022 жылдың соңында Түркістан облысында тіркелген ШОК субъектілерінің жалпы саны 188186 бірлікті құраса, оның ішінде 184579 бірлік ШОК субъектілері белсенді жұмыс жасайды. Белсенді ШОК субъектілері санының динамикасында да жалпы оң динамика бар. Тіркелгендердің арасында жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің үлесі 98%-ды құрайды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда

2%-ға жоғары. Динамиканың өсуі жеке кәсіпкерліктің біздің елдегі қолайлы бизнес-климатпен сипатталатын экономикалық белсенді халық үшін неғұрлым жаппай қызмет түрі ретінде сипатталатынын көрсетеді.



1-сурет. Түркістан облысындағы тіркелген және белсенді ШОК субъектілерінің динамикасы (бірлік)

Дереккөз: [15] негізінде авторлар құрастырған.

Жалпы Түркістан облысы бойынша жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілердің 184579 бірлікті құрайды. Соның ішінде шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар 11719 бірлікті, орта кәсіпкерлікті жүргізетін заңды тұлғалар 62 бірлікті құрайды. Дара кәсіпкерлер 98369 бірлікті құраса, шаруашылық жүргізетін фермерлер саны 74 мыңнан астам. Түркістан облысындағы ШОК субъектілерінің аудандар бойынша бөлінісін 2-кестеден көруге болады. Облыстағы ШОК субъектілерінің 50%-ға жуығы Сарыағаш, Жетісай, Түркістан қаласы, Сайрам және Ордабасы аудандарында орналасқан. Облыс бойынша, алғашқы орында Сарыағаш ауданы, бұл жердегі ШОК субъектілерінің саны 20 079 бірлікті құрайды. Соның ішінде шағын кәсіпкерлік айналыстан заңды тұлғалар саны 1219 бірлік, орта кәсіпкерлердің саны 5, дара кәсіпкерлердің саны 12630 бірлікті құрайды. Сарыағаш ауданында фермерлік шаруашылықпен айналысатын кәсіпкерлер саны 6225 бірлікті құрайды және бұл көрсеткіш Жетісай ауданымен салыстырғанда төмен. Түркістан облысы бойынша, Сарыағаш ауданының шағын және кәсіпкерлік үлесі бойынша 10,88% құрайды. Жетісай ауданы облыс бойынша, екінші орында, жалпы үлесі 10,47% құрайды.

Облыс бойынша, Жетісай ауданында жалпы кәсіпкерлердің саны 19 319 бірлікті құрайды, соның ішінде шағын кәсіпкерлікпен айналыстан заңды тұлғалардың саны 830, ал орта кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлғалардың саны аз барлығы 2 бірлікті құрайды. Жетісай ауданы бойынша көрсеткіштерді саралай келе, шағын кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпкерлердің саны көп, ал орта кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпкерлер саны өте аз екенін көрсетеді. Аудан бойынша дара кәсіпкерлердің саны 8 327 бірлікті құрайды. Аудан бойынша шағын кәсіпкерлер мен дара кәсіпкерлердің санын артқанын көреміз. Сонымен қатар облыс бойынша Жетісай ауданы, фермерлік шаруашылық жүргізетін кәсіпкерлер саны бойынша, алдыңғы қатарда 10 160 бірлікті құрайды. Облыстағы ауыл шаруашылығына қолайлы аудан болғандықтан, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығының үлесінің басымдылығымен байналыстарымыз. Сонымен қатар Түркістан облысы, Қазақстан республикасы бойынша, мақта өсіретін жалғыз аймақ, ал облыстағы мақтаның 70 пайызы Жетісай ауданында өсіріледі. Сонымен қатар, бақша өнімдерін өндіруде, аудан алғашқы үштікке кіреді.

Облыстың орталығы Түркістан қаласында орналасқан жалпы ШОК субъектілерінің саны 18581 бірлікті құрайды. Соның ішінде шағын және орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалардың саны 1602 бірлікті құрайды. Түркістан қаласындағы дара кәсіппен айналыстан кәсіпкерлер саны 16 444 бірлікті құраса, фермерлік шаруашылықпен айналыстан

кәсіпкерлердің саны 535 бірлікті құрайды.

Түркістан облысында шағын және орта кәсіпкерліктің аудан бойынша бөлінісі бойынша, ең төменгі көрсеткіш Созақ ауданына тиесілі, барлық кәсіпкерлердің саны 4508 бірлікті құрайды. Аудандағы орта кәсіпкерлік саны 270, орта кәсіпкерлікпен айналыстан кәсіпкерлер саны 2, ал дара кәсіпкерлер саны мыңнан астам. Жалпы алғанда Созақ ауданының облыстағы үлесі небәрі 2,44%-ды құрайды. Мұндай көрсеткіштердің орын алуын, кәсіпкерлердің аудандар бойынша бөлінісінде ең төменгі орында болуы, ауданның теріскей орналасуымен, халқының санының аздығымен, тұрғындардың ауылдарға орналасуымен сипаттауға болады.

2-кесте. Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілердің аудандар бойынша бөлінісі

	Барлығы	оның ішінде				Облыс бойынша аудандардың үлесі (%)
		шағын кәсіп. заңды тұлғалар	орта кәсіп. заңды тұлғалар	дара кәсіпкерлер	шаруа немесе фермер қ.	
Түркістан облысы	184579	11719	62	98639	74159	100
Сарыағаш	20079	1219	5	12630	6225	10.88
Жетісай	19319	830	2	8327	10160	10.47
Түркістан қ.	18581	1589	13	16444	535	10.07
Сайрам	18454	1223	15	9075	8141	10.00
Ордабасы	13304	892	7	6176	6229	7.21
Қазығұрт	12368	852	1	6189	5326	6.70
Мақтаарал	11840	458	-	3442	7940	6.41
Келес	10657	393	1	5005	5258	5.77
Шардара	10148	398	1	3854	5895	5.50
Төлеби	9017	587	6	5084	3340	4.89
Түлкібас	8685	459	2	4619	3605	4.71
Кентау қ.	5825	387	1	4862	575	3.16
Отырар	5817	712	3	2238	2864	3.15
Арыс қ.	5653	660	3	3998	992	3.06
Сауран	5258	229	-	1609	3420	2.85
Бәйдібек	5066	561	-	2029	2476	2.74
Созақ	4508	270	2	3058	1178	2.44

Дереккөз: [15] негізінде авторлар құрастырған.

Түркістан облысындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша ШОК субъектілерінің бағытын саралай келе (3-кесте), облыс бойынша басымдылық ауыл, орман және балық шаруашылығының үлесінде, бұл бағытта барлық кәсіпкерлердің саны 83 790 бірлікті құрайды, соның ішінде шағын кәсіпкерлер 3519 бірлікті құрайды, орта кәсіпкерлердің саны 3, ал дара кәсіпкерлердің саны 6109 бірлікті құрайды. Ал ең жоғарғы көрсеткіш фермерлік шаруашылықпен айналысатын кәсіпкерлер облыс бойынша осы саланы қамтиды, барлық облыс бойынша, 74 159 бірлікті құрайды. Облыстағы ауыл шаруашылығы саласындағы шаруашылық жүргізу, өнімдерді қайта өңдейтін кәсіпкерлер ауыл, орман және балық шаруашылығы бойынша жұмыстар атқарады. Облыс бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің тіркелуімен белсенді кәсіпкерлердің саны жағынан екінші орынды көтерме және бөлшек саудада сату, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу саласы алады. Жалпы Түркістан облысы бойынша, осы бағытта кәсіпкерлердің саны 45 572 бірлікті құрайды, шағын кәсіпкерлердің саны 1778 бірлікті құрайды. Орта деңгейдегі кәсіпкерлердің саны 4, бұл деңгейде іріленген кәсіпорындардың саны аса көп емес, ал дара кәсіпкерлердің саны 43


мыңнан астам. Жалпы алғанда Түркістан облысы бойынша белсенді кәсіпкерлер көтерме сауда мен бөлшек саудада басым болып табылады. Бұл мұндай бизнесте бастапқы шығындар айтарлықтай төмен және капиталдың жылдам айналымымен байланысты. Облыс бойынша кәсіпкерлердің саны бойынша, қазіргі таңда қызмет жасап тұрған кәсіпкерлер бойынша, үшінші орынды өнеркәсіп саласына тиесілі, осы саладағы кәсіпкерлердің жалпы 9111 бірлікті құрайды. Облыс бойынша ең төменгі көрсеткіш қаржы мен сақтандыру қызметтерінің еншісінде, 222 тіркелген кәсіпкерлерді құрайды. Сайып келгенде шағын және орта кәсіпкерліктің облыс бойынша өнім өндіру емес, қызмет көрсету саласы мен тұрмыстық заттарды жөндеу саласы бойынша салада басымдылық деңгейін көрсетеді.

3-кесте. Түркістан облысындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша ШОК субъектілері (2023 жылғы 1 қаңтар, бірлік)

	оның ішінде				
	Барлығы	шағын	орта	дара	шаруа немесе фермер қ.
Түркістан облысы	184 579	11 719	62	98 639	74 159
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	83 790	3 519	3	6 109	74 159
Өнеркәсіп	9 111	848	21	8 242	-
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	219	157	1	61	-
Өңдеу өнеркәсібі	8 680	559	18	8 103	-
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	74	47	1	26	-
Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	138	85	1	52	-
Құрылыс	3 596	1 617	12	1 967	-
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	45 572	1 778	4	43 790	-
Көлік және жинақтау	3 598	280	1	3 317	-
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	2 563	104	1	2 458	-
Ақпарат және байланыс	554	139	1	414	-
Қаржы және сақтандыру қызметі	222	217	-	5	-
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	3 169	174	2	2 993	-
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	1 356	347	1	1 008	-
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	1 029	221	1	807	-
Білім беру	2 423	1 455	5	963	-
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	1 108	366	10	732	-
Өнер, ойын-сауық және демалыс	490	63	-	427	-
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	25 998	591	-	25 407	-

Дереккөз: [15] негізінде авторлар құрастырған.

ШОК санының өсуімен қатар олардың Қазақстанның ұлттық экономикасына қосатын үлесі де өсуде және Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың негізгі көрсеткіштерінің бірі оның елдің жалпы ішкі өніміндегі үлесі болып табылады [9]. Ал Түркістан облысындағы ШОК субъектілерінің облыстың жалпы өңірлік өніміне (ЖӨӨ) қосқан үлесін бағалау үшін келесі суретті қарастырайық (2-сурет). 2005 жылдан 2010 жылға дейін жалпы облыстың өңірлік өнімі төмен көрсеткішке ие. 2005 жылы облыстың ЖӨӨ көлемі 358 млрд теңгені құраса, 2010 жылы бұл көрсеткіш 1,2 трлн теңгені құраған. Ал облыстағы ШОК субъектілерінің облыстың ЖӨӨ-індегі үлесі 2010 жылға дейін төмен деңгейде. 2005 жылы бұл көрсеткіш шамамен 28%-ды құраса, 2010 жылы 27%-ды құраған. 2010 жылдан бастап өңірдегі шағын және орта кәсіпкерлердің санының артуымен, белсенділігінің нығайуымен, өңірлік өнімдегі үлесі артуда. 2021 жыл соңына қарай облыстың жалпы өнімі 2,8 трлн теңгені құраса, оның ішінде ШОК субъектілерінің өнім шығарылымы 1,3 трлн теңгені құраған. Бұл жалпы өңірлік өнімнің 46,7% құрайды. Түркістан облысы бойынша жалпы өңірлік өнімнің жартысына жуық көлемін шағын және орта кәсіпкерліктің еншісінде.



2-сурет. ШОК субъектілерінің Түркістан облысының ЖӨӨ-ге қосқан үлесі

Дереккөз: [15] негізінде авторлар құрастырған.

Түркістан облысындағы ШОК субъектілерінің ЖӨӨ-дегі үлесін бағалау үшін басқа облыстармен салыстыру, өндіріс көлемі бойынша аймақтарды бөлу және аймақтағы белсенді субъектілердің үлесін талдау маңызды [11]. 4-кестеде ұсынылған критерийлер бойынша мәліметтер келтірілген. 4-кесте Атырау және Алматы облысы мен Астана қаласында кәсіпкерліктің қарқынды дамуы көрсетілген. Түркістан облысы белсенді ШОК үлесі бойынша көш бастап тұрғанымен өнім шығару бойынша аутсайдер болып табылады. ШОК-ға шаққандағы өндірістің ең төменгі деңгейі осы аймақта. Қазіргі заманғы даму жағдайында өндірілетін өнім көлемін айтарлықтай арттыруды қамтамасыз ету үшін еліміздің барлық өңірлерінде шағын және орта кәсіпкерлікті белсендіру қажет. Сондай-ақ 4-кестеде Қазақстан Республикасының облыс және мегаполис қалаларының бір ШОК-ға шаққандағы өнім көлемі көрсетілген. Ең белсенді бір ШОК-ға шаққандағы өнім өндіру бойынша бірінші орында Атырау қаласы 72,13 млн. теңгені құрайды. Атырау қаласының еліміз бойынша көшбастауы, негізінен мұнай-газ өндіретін кәсіпорындардың осы қалаға шоғырлануымен түсіндіруге болады. Бір ШОК-ға шаққандағы өнім көлемі бойынша Алматы қаласы 50,46 млн.теңгені құрайды, Алматы қаласының Атырау қаласынан кейінгі екінші орын алуын, қаланың қаржылық орталық болуымен, тұрғындардың санының болуымен байланыстыруға болады. Үшінші орында Астана қаласы бір ШОК-ға шаққанда 49,77 млн.теңге көлемінде өнім өндіреді. Шымкент қаласы бір ШОК-ға шаққанда 20,22 млн теңгенің өнімін өндіреді. Түркістан облысындағы бір ШОК-ға шаққанда өнім көлемі 9,07 млн теңгені құрап, салыстырмалы түрде төмен көрсеткішке ие. Осы көлемді ұлғайту үшін Түркістан облысындағы ШОК-дардың экспорттық әлеуетін арттырып, өндіретін өнімдерін диферсификациялау қажет. Сонымен қатар дара кәсіпкерлердің айналым капиталын арттыру үшін ірілендіру қажет.

**4-кесте. Қазақстанның өңірлеріндегі өндіріс көлемі
және белсенді субъектілер үлесі (2021 жыл)**

Облыстың атауы	Бір ШОК-ға шаққандағы өнім көлемі, млн.теңге	Белсенді ШОК үлесі (%)
Ақмола	21,98	88,26
Ақтөбе	20,45	87,38
Алматы	19,90	86,22
Атырау	72,13	87,41
Батыс Қазақстан	37,96	86,76
Жамбыл	11,70	81,85
Қарағанды	21,67	87,41
Қостанай	27,26	90,29
Қызылорда	8,93	89,62
Маңғыстау	29,05	87,86
Павлодар	23,61	87,51
Солтүстік Қазақстан	30,21	88,25
Түркістан	9,07	96,92
Шығыс Қазақстан	17,34	87,12
Нұр-Сұлтан қаласы	49,77	85,30
Алматы қаласы	50,46	69,66
Шымкент қаласы	20,22	82,86
Қазақстан Республикасы	29,30	84,48

Дереккөз: [15] негізінде авторлар құрастырған.

Шағын және орта кәсіпкерлік секторы халықтың басым бөлігін жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді, сонымен қатар мемлекеттің саяси және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ететін «орта таптың» негізін құрайды [16, 17]. Төмендегі 3-суретте Түркістан облысындағы жалпы жұмыспен қамтылған халық саны мен оның ішінде ШОК субъектілеріндегі жұмыспен қамтылған халықтың саны көрсетілген. 2005 жылы облыс көлемінде жалпы жұмыспен қамтылған халықтың саны 937600 адам болса, оның ішінде ШОК субъектілеріндегі жұмыспен қамтылған халықтың саны 330102 адамды құраған. ШОК субъектілеріндегі жұмыспен қамтылғандардың жалпы жұмыспен қамтылған халық санына үлесі 35%. Бұл көрсеткіш 2010 жылға дейін тұрақты өзгеріссіз қалды деуге болады.

ШОК субъектілерінде жұмыспен қамтылғандар саны 2011 жылы жалпы жұмыспен қамтылған халық санына үлесі 28,96%-ды, ал 2012 жылы 23,08%-ды құраған. Аталған көрсеткіш 2015 жылы 28,44%-ды құраған. 2017 жылы облыс құрамындағы Шымкент қаласының Қазақстан Республикасындағы үшінші мегаполис болуына байланысты облыс орталығы Түркістан қаласына көшірілді. Осының негізінде экономикалық тұрғыдан біршама көрсеткіштер төмендеді. Атап айтқанда облыс деңгейіндегі жұмыспен қамтылған халықтың саны да азайды. Бұл көрсеткіш 3-суретте көрсетілген. 2017 жылы облыстағы жұмыспен қамтылған халық саны 1 млн.нан астам болса, 2018 жылы бұл көрсеткіш 30%-ға төмендеген. 2022 жылы ШОК субъектілерінде жұмыспен қамтылғандардың жалпы жұмыспен қамтылған халық санына үлесі 33,28%-ды құрады. Жалпы алғанда 2018 жылдан бастап Түркістан облысы бойынша, шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың саны артуда.



3-сурет. Түркістан облысында жалпы және ШОК субъектілерінде жұмыспен қамтылғандардың саны

Дереккөз: [15] негізінде авторлар құрастырған.

Қорытынды

Бұл мақалада Түркістан облысының экономикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі бағаланды. Түркістан облысындағы шағын және орта кәсіпкерліктің жай-күйін зерделеу негізінде өңірдегі кәсіпорындар саны жыл сайын артып келеді деген қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар Түркістан облысының ЖӨӨ көлеміндегі шағын және орта кәсіпкерлік үлесінің артуы да байқалады. Түркістан облысындағы ШОК субъектілері ЖӨӨ-нің 46,7%-ын өндіреді. Облыста бір ШОК-ға шаққандағы өнім көлемі орташа 9,07 млн.теңгені құрайды. Бұл көрсеткішті басқа облыстармен салыстырғанда Түркістан облысында 1 ШОК-ға шаққанда өнім көлемі төмен деңгейде. Шымкент қаласы бойынша бұл көрсеткіш 20,22 млн теңгені құрайды. Түркістан облысында ШОК субъектілерінің санының көп болуы бұл көлемді ұлғайтудағы ықпалының мардымсыздығын көрсетеді. Түркістан облысы бойынша өндірілген өнімнің көлемін арттыру үшін ШОК субъектілерінің экспорттық әлеуетін арттырып, өндіретін өнімдерінің түрлерін көбейтіп, дайын өнімдерді ішкі және сыртқы нарықта тұтынуын қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар Түркістан облысында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда мемлекет тарапынан қолдау көрсету қажет. Шағын кәсіпкерлерді айналысатын кәсібіне байланысты бірігуіне ықпал жасалуы қажет. Түркістан облысында тіркелген кәсіпкерлердің белсенділігін арттыру үшін кәсіптендіру бағытында қайта даярлау, жаңа кәсіпті меңгеру, мамандануға оқыту жұмыстарына, облыстық бюджеттен қаражат қарастырылуы шарт. Түркістан облысының экспорттық әлеуетін арттыру үшін көршілес Өзбекстан, Қырғызстан елдерінің кәсіпорындарымен біріккен орта кәсіпкерлікті жандандыруды қолға алу қажет. Еліміздегі басқа облыстарға қарағанда Түркістан облысында халық саны көп. 2023 жылдың 1 тамызында деректерге сүйенсек, 2134,8 мың адамды құрайды. Шағын және орта кәсіпкерлердің айналым капиталын арттыруға облыстық деңгейде түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет. Сондай-ақ Түркістан облысында шығарылатын өнімдерді брендге айналдыру үшін, шағын және орта кәсіпкерлерге өнімінің өндірісін арттыруда қолдау қажет, жоспарлы жүзеге асыруына оң ықпал етуді қарастыру қажет.

Сонымен қатар, ШОБ-ты дамытудың кешенді шараларын әзірлеу мақсатында әлемнің неғұрлым табысты экономикаларының бар тәжірибесін ескеру қажет. Мемлекеттің жеке кәсіпкерлерге ақпараттық және маркетингтік көмегі оларға сату нарығын кеңейтуге және кірісті арттыруға көмектеседі. Бұл шара ШОБ өндіретін өнім көлемін едәуір арттырып, тұтастай алғанда елдің ЖІӨ дегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесін арттыруы мүмкін. Дамыған елдердің бәсекеге қабілетті және әртараптандырылған экономика құрудағы оң тәжірибесі бұл процесте шағын және орта кәсіпкерліктің негізгі орындардың бірін иеленетінін растайды.

■ Қаржыландыру көзі

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (грант №19680610).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Bellini F. et al. Business models innovation for sustainable urban mobility in small and medium-sized european cities //Management & Marketing. Challenges for the Knowledge Society. – 2019. – Т. 14. – №. 3. – С. 266-277.
- 2 Manzoor F., Wei L., Siraj M. Small and medium-sized enterprises and economic growth in Pakistan: An ARDL bounds cointegration approach //Heliyon. – 2021. – Т. 7. – №. 2.
- 3 Das D. K. Role of Micro, Small, and Medium Enterprises (MSMEs) in Economic Development of India //International Journal of Multidisciplinary Research and Explorer (IJMRE). – 2021. – Т. 1. – №. 1. – С. 1-7.
- 4 Susan S., Chris R. Business Continuity and Disaster Recovery for Small-and Medium-Sized Businesses //International Journal of Production Economics. – 2017. – Т. 5. – №. 3. – С. 451-478.
- 5 Jayaram J., Dixit M., Motwani J. Supply chain management capability of small and medium sized family businesses in India: A multiple case study approach //International Journal of Production Economics. – 2014. – Т. 147. – С. 472-485.
- 6 Liberto D. Small and Mid-size Enterprise (SME). Investopedia. – 2020.
- 7 Pedraza J. M. The micro, small, and medium-sized enterprises and its role in the economic development of a country //Business and Management Research. – 2021. – Т. 10. – №. 1. – С. 33.
- 8 Токсанова А. и др. Косвенные меры поддержки инновационного предпринимательства //Экономика и статистика. – 2019. – №. 1. – С. 109-115.
- 9 Жунусова Р. М. Государственная поддержка развития малого и среднего предпринимательства в Казахстане //Государство. Бизнес. Общество. Цифровая среда: траектория взаимодействия от теории к практике. – 2021. – С. 176-178.
- 10 Ивойлова И. В. Особенности малого и среднего предпринимательства в Республике Казахстан //Экономика и бизнес: теория и практика. – 2021. – №. 3-1. – С. 211-215.
- 11 Зарубина В. Р., Зарубин М. Ю. Оценка развития малого и среднего предпринимательства в республике Казахстан на основе интегрального индекса //Central Asian Economic Review. – 2020. – Т. 2. – №. 131. – С. 197.
- 12 Мухамедьярова-Левина Т. Т., Селезнева И. В., Сигаев Е. А. Новые направления фондирования деятельности субъектов малого и среднего предпринимательства в Казахстане //Вестник университета «Туран». – 2021. – №. 1. – С. 91-96.
- 13 Джусупова А. М., Хаджиева Г. У. Малое и среднее предпринимательство в условиях кризиса в Казахстане //Вестник университета «Туран». – 2022. – №. 3. – С. 223-234.
- 14 Мунасипова М. Е., Асанова А. С., Тилеуова С. Инструменты финансовой поддержки субъектов малого и среднего бизнеса в Туркестанской области // Научные исследования молодых учёных: сборник статей. – 2020. – С. 37.
- 15 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (2023). Салалар бойынша ресми статистика, [Электронды ресурсы] URL: <https://old.stat.gov.kz/official/industry> Қол жеткізу күні: 16.08.2023
- 16 Pedraza J. M. The micro, small, and medium-sized enterprises and its role in the economic development of a country //Business and Management Research. – 2021. – Т. 10. – №. 1. – С. 33.
- 17 Južnik Rotar L., Kontošić Pamić R., Bojnec Š. Contributions of small and medium enterprises to employment in the European Union countries //Economic research-Ekonomska istraživanja. – 2019. – Т. 32. – №. 1. – С. 3296-3308.

REFERENCES:

- 1 Bellini F. et al. Business models innovation for sustainable urban mobility in small and medium-sized european cities //Management & Marketing. Challenges for the Knowledge Society. – 2019. – Т. 14. – №. 3. – С. 266-277.
- 2 Manzoor F., Wei L., Siraj M. Small and medium-sized enterprises and economic growth in Pakistan: An ARDL bounds cointegration approach //Heliyon. – 2021. – Т. 7. – №. 2.
- 3 Das D. K. Role of Micro, Small, and Medium Enterprises (MSMEs) in Economic Development of India //International Journal of Multidisciplinary Research and Explorer (IJMRE). – 2021. – Т. 1. – №. 1. – С. 1-7.
- 4 Susan S., Chris R. Business Continuity and Disaster Recovery for Small-and Medium-Sized Businesses //International Journal of Production Economics. – 2017. – Т. 5. – №. 3. – С. 451-478.
- 5 Jayaram J., Dixit M., Motwani J. Supply chain management capability of small and medium sized family businesses in India: A multiple case study approach //International Journal of Production Economics. – 2014. – Т. 147. – С. 472-485.
- 6 Liberto D. Small and Mid-size Enterprise (SME). Investopedia. – 2020.
- 7 Pedraza J. M. The micro, small, and medium-sized enterprises and its role in the economic development of a country //Business and Management Research. – 2021. – Т. 10. – №. 1. – С. 33.
- 8 Toksanova A. i dr. Kosvennye mery podderzhki innovacionnogo predprinimatel'stva //Jekonomika i statistika. – 2019. – №. 1. – С. 109-115.
- 9 Zhunusova R. M. Gosudarstvennaja podderzhka razvitija malogo i srednego predprinimatel'stva v Kazahstane //Gosudarstvo. Biznes. Obshhestvo. Cifrovaja sreda: traektorija vzaimodejstvija ot teorii k praktike. – 2021. – С. 176-178.
- 10 Ivojlova I. V. Osobennosti malogo i srednego predprinimatel'stva v Respublike Kazahstan //Jekonomika i biznes: teorija i praktika. – 2021. – №. 3-1. – С. 211-215.
- 11 Zarubina V. R., Zarubin M. Ju. Ocenka razvitija malogo i srednego predprinimatel'stva v respublike Kazahstan na osnove integral'nogo indeksa //Central Asian Economic Review. – 2020. – Т. 2. – №. 131. – С. 197.
- 12 Muhamed'jarova-Levina T. T., Selezneva I. V., Sigaev E. A. Novye napravlenija fondirovanija dejatel'nosti sub#ektov malogo i srednego predprinimatel'stva v Kazahstane //Vestnik universiteta «Turan». – 2021. – №. 1. – С. 91-96.
- 13 Dzhusupova A. M., Hadzhieva G. U. Maloe i srednee predprinimatel'stvo v uslovijah krizisa v Kazahstane //Vestnik universiteta «Turan». – 2022. – №. 3. – С. 223-234.
- 14 Munasipova M. E., Asanova A. S., Tileuova S. Instrumenty finansovoj podderzhki sub#ektov malogo i srednego biznesa v Turkestanskoj oblasti // Nauchnye issledovanija molodyh uchjonyh: sbornik statej. – 2020. – С. 37.

- 15 Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jäne reformalar agenttigi Ұлттық статистика бюросы (2023). Salalar boiynşa resmi statistika, [Elektrondy resurs] URL: <https://old.stat.gov.kz/official/industry> Qol jetkizu küni: 16.08.2023
- 16 Pedraza J. M. The micro, small, and medium-sized enterprises and its role in the economic development of a country //Business and Management Research. – 2021. – T. 10. – №. 1. – C. 33.
- 17 Južnik Rotar L., Kontošić Pamić R., Bojnc Š. Contributions of small and medium enterprises to employment in the European Union countries //Economic research-Ekonomska istraživanja. – 2019. – T. 32. – №. 1. – C. 3296-3308.

ОЦЕНКА ВКЛАДА МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В ЭКОНОМИКУ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Сыздықова А.О.*

PhD, доцент
Международный казахско-турецкий уни-
верситет имени Ходжи Ахмета Ясави
г.Туркестан, Республика Казахстан
E-mail: aziza.syzdykova@ayu.edu.kz
ORCID: 0000-0002-1377-0026

Азретбергенова Г.Ж.

кандидат экономических наук, профессор
Международный казахско-турецкий уни-
верситет имени Ходжи Ахмета Ясави
г.Туркестан, Республика Казахстан
E-mail: gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz
ORCID: 0000-0002-9070-7055

Аннотация: В настоящее время предпринимательство является основным фактором экономического развития всех развитых стран. Отмечается, что доля малых и средних предприятий (МСП) в экономике страны, в частности, их доля в общей занятости, добавленной стоимости, инвестициях, налогах, экспорте и кредитах достигла значительного уровня. Если посмотреть на нынешнюю экономику стран мира, то почти 95-99% предприятий являются субъектами МСП. МСП обеспечивают 40-80% занятости, 30-70% валового внутреннего продукта, 30-60% инвестиций, 10-40% экспорта. Благодаря этим особенностям субъекты МСП составляют основу экономической и социальной структуры. Целью данной статьи является оценка доли малого и среднего бизнеса в экономике Туркестанской области. Прежде всего, в статье раскрыто экономическое значение малого и среднего бизнеса и определена его роль в экономике Туркестанской области (его доля в общем региональном продукте, занятость). В результате исследования были изучены и проанализированы особенности функционирования малого и среднего бизнеса в Туркестанской области. Для эффективного поиска, группировки, обработки и обобщения необходимого материала были использованы метод сбора информации и метод частичного абстрагирования. Изучение динамики экономических показателей сравнительным методом позволяет установить причинно-следственные связи.

Ключевые слова: малое и среднее предпринимательство, экономика, Туркестанская область, валовой региональный продукт, отрасль

ASSESSMENT OF THE CONTRIBUTION OF SMALL AND MEDIUM ENTERPRISES IN THE ECONOMY OF TURKESTAN REGION

Syzdykova A.O.*

PhD, associate professor
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-
Turkish University
Turkestan, Republic of Kazakhstan
E-mail: aziza.syzdykova@ayu.edu.kz
ORCID: 0000-0002-1377-0026

Azretbergenova G.Zh.

doctor of economics, professor
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-
Turkish University
Turkestan, Republic of Kazakhstan
E-mail: gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz
ORCID: 0000-0002-9070-7055

Abstract: Nowadays, entrepreneurship is the main factor of economic development of all developed countries. The share of SMEs in the country's economy, in particular, in total employment, value added, investment, taxes, exports and loans, has reached a significant level. When we look at the current economies of countries in the world, almost 95-99% of enterprises consist of SMEs, 40-80% of employment, 30-70% of GNP, 30-60% of investments, 10-40% of exports. It is clearly determined that 100% of these products are carried out by SMEs. With these features, SMEs form the backbone of the economic and social order. The purpose of this article is to assess the share of small and medium-sized businesses in the economy of Turkestan region. First of all, the article revealed the economic significance of small and medium-sized business and determined its role in the economy of Turkestan region (its share in the total regional product, employment). As a result of the research, the peculiarities of the functioning of small and medium-sized businesses in the Turkestan region were studied and analyzed. During the analysis of the current situation and development of small and medium-sized enterprises in the Turkestan region, the method of information gathering and the method of partial abstraction were used to effectively search, group, process and generalize the necessary material. Studying the dynamics of economic indicators using the comparative method allows establishing causal relationships.

Keywords: small and medium entrepreneurship, economy, Turkestan region, total regional product, sector